

## Карантин белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Жайсаң ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қазанда № 4543 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 03 желтоқсандағы № 7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округінің әкімінің 03.12.2015 № 7 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 11-3/496 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасында қарасан ауруының анықталуына байланысты Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округі аумағында карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жайсаң ауылдық округінің әкімі:*

*Ж. Есмұхамбетов*